

«Бекітемін»  
«Күншуақ» бөбейжай бақшасы» МКҚК  
меңгерушісі Ж.А. Курманова



**«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ  
АСЫҚ ОЙЫНЫНА ҮЙРЕТУ АРҚЫЛЫ  
ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ»  
№14 «Құлагер» ересек тобы**

**Тәрбиешілер: Аябергенова А.Т  
Таухабаева И.М**

2022-2023 оқу жылы

## Түсінік хат

**Бағдарлама бағыты:** Ұлттық ойын.

**Тәрбие бағыты:** Асық ойынының түрлерін үйрету арқылы эстетикалық, патриоттық, мәдени тәрбие беру.

**Бағдарламаның өзектілігі:** Мектеп баланың патриоттық сезімін ояту. Отанға сүйіспеншілігі мол, білімді және білекті тұлға қалыптастыру үшін асық ойындары арқылы ынталандыру. Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйелерін шындап, оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелейді. Осындай қасиеттері болмаса, адам ойында да, өмірде де көздеген мақсатынан шыға бермейді.

**Бағдарламаның жаңашылдығы:**

Халқымыздың ұлттық ойындарын жаңғырта отырып, заманауи технология бойынша ұрпақ бойына дарыту; - ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие берудің инновациялық негіздерін қалыптастыру, бағдар беру

**Мектеп жасына дейінгі баланың асық ойынын ойнау барысында күтілетін нәтиже:**

- Асық ойнау барысында логикалық ойлау қабілетін арттырады;
- Асық ойыны арқылы негізгі пән аралық байланыс жолға қойылады;
- Ойындар арқылы логикалық тапсырмаларды жылдам орындайды;
- Ұлттық ойындардың білімдік маңызы қозғалыс қасиеттерінің дамуымен бір мезгілде қозғалыс дағдылары да жетіледі.

**Жоба:** қысқа мерзімді, топтық.

**Жобаның түрі:** шығармашылық, танымдылық

**Жобаға қатысушылар:** №14 «Құлагер» ересек тобының балалары, ата – аналар, тәрбиешілер.

**Жобаның өткізілу мерзімі:** 2022-2023 оқу жылы

**Қолданылатын материалдар:** Түрлі-түсті асықтар.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту стандарты мен үлгілік бағдарламасына сай барлық білім саласында асықты қолдануға болады.

**Ендеше алдымыздағы асықтар арқылы 4 топқа бөлінеміз.**

- топ: М.Монтисори технологиясымен асық технологиясын ұштастыру. «Сюжетті асық» (түрлі-түсті асықтардан табиғатты бейнелеу)
- топ: Асық арқылы дойбы ойынына деген балалардың қызығушылығын ояту. «Қызықты дойбы»
- топ: Құмда асықпен әр түрлі бейнелерді салу әдісі.
- топ: Әр түрлі асық ойындары (түрлі-түсті асықтарды түсіне сәйкес жіптерге тізбектеу, түстеріне сәйкес түрлі-түсті асықтарды санмен сәкестендіре отырып тізбектеу т.б).
- топ: денсаулық дағдысы бойынша қолданылатын асық жолдары, асықты массаж.
  - **Қорытынды:**
  - Мектепке дейінгі ұйымда асық ойындарын барлық білім беру саласы бойынша қолдануға тиімді әдістің бірі екенін ұқтым. Атадан балаға мұра болып келе жатқан асық ойынына деген мектеп жасына дейінгі балалардың қызығушылығын арттыра отырып, ұлттық құндылықтарымызды білуге, қастерлеуге және балалардың бойында ұлттық сезімді оята отырып, патриотизмге тәрбиелеуге атсалысайық.



## КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында айқындалған міндеттерді орындауды талап етеді. Бағдарламаның мақсаты балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптастыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу болып табылады. Еліміздің заманауи білім кеңестігіне бет бұруы ұлттық педагогикада, оның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда уақыт талабына сай өзгерістер енгізуді қажет етеді. Ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуы; Яғни мектепке дейінгі кезеңнен бастап ұлттық тәрбиені қалыптастыру, баланың физикалық және ой-өрісінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру өте өзекті. Асық технологиясы бүгінгі бүлдіршінді дамытуға қажетті бірегей методикалық құрал екенін айтуға болады. Әлбетте, арғы заманда асық қазақ балаларының күнделікті ойыны болатын. Асық ойынын біздің батырларымызда, ақындарымызда ойнап өскен. Қазір балалар балпаң баса бастағаннан-ақ ата-ана жүйкесі тыныш болуы үшін қолына планшет, телефон беріп қоятынын көріп жүрміз. Педагогтардың пайымына сүйенсек, бұдан баланың зейіні тұйықталады, көзінің көру қабілеті төмендейді, жүйкесі жұқарады, төмен қарап отырғандықтан омыртқалары қисаяды және кәдімгі адами қарым-қатынасты ұмытады.

Олай болса баланың тұла бойындағы даму процестерін дамытуға керемет әсер ететін ойын – асық ойыны. Ендеше, неге балаларымызға асық ойнап, сақа сыйлауды үйретпеске?! Осындай мақсатпен ересек тобына 36 сағатқа есептелген «Мектеп жасына дейінгі балаларды асық ойынына үйрету арқылы танымдық қабілеттерін дамыту» вариативтік компонент бағдарламасы жасақталды.

### **Мақсаты:**

- Асық ойыны арқылы өсіп келе жатқан баланың дене күшін арттыру,
- қолын қатайту, денесін шыңдау. Көзінің қырағылығын жетілдіру, зеректілігін, тапқырлығын, ынталылығын арттыру, баланың ұйымдастырушылық дағдысын қалыптастырып шыңдау. Ұлттық ойынның тәрбиелік мәні арқылы баланың дене бітімінің әсем, сымбатты болып бітуіне ықпал жасау.

### **Міндеті:**

- Балаларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбиелеу;
- Топпен жұмыс істеуді үйрету, топтан оза шығу қабілетін арттыру;
- Асық ойынының барлық ережелерін, қыр-сырларын зертеуге, ізденуге баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

#### **Бала біледі:**

- Бала асықты атуды үйренеді. Ойын ережесі, әдіс-тәсілдері туралы түсінік алады, топтық жұмыс істеуге үйренеді.

#### **Бала меңгереді:**

- Бала мергендікті, ептілікті меңгереді. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулығына көп пайда әкеледі.

Бала жасай алады:

- Ұлттық ойынға деген қызығушылығы артады. Өз бетімен асық ойынын ойнай алады;
- Топпен жұмыс жасауды үйренеді, жеңімпаз болуға талпынады.

Аптасына – 1 сағат

Барлығы – 36сағат



## Асық ойыны – ұлттық қазынамыз

Асық – төрт түлік малдың ішінде қой – ешкінің тілерсегінде, асық жілік басында орналасатын шымыр сүйек. Иіргенде түскен қалпына қарай асық – алшы, тәйкі, бүк, ішік деп, ал атуға арналған асық сақа деп аталады. Асық ойыны мектепалды жастағы балаларға ағзасына тигізер пайдасы орасан зор. Асық ойыны балаларды мергендікке, ептілікке, баулиды. Бұған қоса аяқ-қолдың қимылын жақсартып, денсаулыққа көп пайдасын тигізеді.

Асық ойыны баланың жастайынан жүйке жүйесін шындап, тілін дамытып, ойда сақтау қабілетін жетілдіреді, оларды дәлдікке, ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбиелейді. Балаға әр күні бір сағатты бөліп асық ойнатса, бала жүйке жүйесі ауруынан айығатын болады. Бұл ойынды ойнаған бала топпен жұмыс істеуді үйренеді және де топтан озып шығу қабілетіне ие болады. Асық ойнағанда адамның тек екі қолы ғана емес, сонымен қатар ойлау мүшелерінен бастап, иығы, аяғы, саусақтары, барлық бұлшық еттері қимылдайды. Кем екі баладан бастап қанша бала ойнаса да, үлкен мен кіші бір-біріне қамқор болып келісіп ойнаса да, құрдас пен құрдас бір-біріне бәсекелесіп ойнаса да әбден болады. Жүгіреді, секіреді, көздейді, тигізеді, жеңеді, жеңіледі, ұтады, ұтылады. Өтірігі, арамдығы, жалғандығы жоқ. Ұлттық ойын.

Ұлттық тәрбие. Спорт ойыны, спорттық бәсеке. Асық ойынының бектенген баладан, еңкейген кәріге дейін ойнайтын түрлері бар. Асық ойнау, біріншіден денені шынықтырады, екіншіден адамға барлық дене құрылысының дұрыс дамуына мүмкіндік береді.

Асық ойнаған бала топпен жұмыс істеуді үйренеді және топтан озып шығу қабілетіне ие болады. Сондай-ақ баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа, достық қарым қатынасқа тәрбиелейді.

**Баланың асық ойынын ойнау барысында:**

- Тарихын, жүріс тәсілдерін меңгереді;
- Ойлау қабілетін арттырады;
- Ойынды ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады;
- Өз ойындарына талдау жасайды.

**Берілетін білім мен тәрбие және дағды:**

- Халқымыздың ұлттық ойындарын бойларына сіңірту;
- Ұлттық, патриоттық, эстетикалық тәрбие беру;
- Ойын ережесін сақтай білуге үйрету;
- Ойын жүрістерін дұрыс орындауға бағыт-бағдар беру.

### Асықтың түрлері

Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады.

Кеней – көпшілік ойнауға арналған қарапайым асық.

Шүкейт – жас малдың асығы.

Қойлық – қойдың асығы.

Ешкімек – ешкінің асығы.

Құлжа – құлжаның асығы.

Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық.

Толай – сиырдың асығы.



Жабай – ірі асық.

Қолқар – арқардың асығы.

**Асықтың атаулары:**

Алшы – асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы, яғни алшы тұруы.

Тәйке – асықтың алшыға қарама-қарсы жағы.

Бүге – асықтың доңес жағының жоғары қарап түсуі.

Шіге – асықтың қуыс жағынан жоғары қарап түсуі.

Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы.

Шоңқай – асықтың омпаға қарсы жағынан тік түсуі.

**Асық ойыны барысында қолданылатын құралдар мен әдістер:**

Көн киіз – асықтың «тақта» ойыны барысында қолданылатын жұқа әріікемді, асық атуға, қаржуга қолайлы құрал. Бұл асық ойынының түрлеріне байланысты елу де елу, сексен де сексен, жүз де жүз см көлемінде болады.

**Асық ойынының бала дамуына қосар үлесі**

Асық ойыны – тәжірибе мен тәсілдің еркіндігі, тапқырлық пен болжамның қиылысатын шебі, мұрат пен меженің тоғысқан шеңбері. Ойын серіктесті таба білуге, онымен тіл табысуға үйретеді. Ойында бала қарсыласының қандай ойыншы екендігін дұрыс анықтауға ерекше мән береді, оның күш-қабілетін тура бағалау ережесіне ереді. Ойыншы бәсекесі мол қарым-қатынастың тәртібіне жүгінеді. Әр ойынның өз тәртібі, тәсілі, тәжірибесін білген бала тезірек қалыптасады, жан-жақты жетіледі. Асық ойыны – баланың қабілет-қасиетін ширататын жүйелі іс-әрекеттің көрінісі. Осындай белсенділікке қазақтың балалары ерте араласқан. Асық ойнау – балалардың дүниетанымын кеңейтетін ойын. Ойынға бірнеше бала араласқанда әркім өз асығын қателеспей тауып алу үшін апа-әжелеріміз кілем және киіз жүндерін бояп жатқан қазанға асықтарды салып алатын. Сонда әр асықтың түр-түсі әр түрлі болып шыға келеді. Қызыл, жасыл, қара, көк, сары, қоңыр бояу түрлерін балалар екі-үш жасында-ақ еркін ажыратады. Бұл санауға жақсы, балалардың есепке жүйріктігі бала кезден қалыптаса бастайды. Асық – кәдімгі санағыштың рөлін қоса атқарады. Асықтарды қаз-қатар тізу кезінде олардың санын алу, кейін ұтысты есептеп, ұпай бөліскенде жапырлап асық санау кез келген баланың математикаға бейімділігін арттырады.

Қазақ баласының есепке жүйріктігі, міне, осындай ойындарды ойнаудан-ақ қалыптасқан. Бала көп қимылдайтыны, тез шаршай қоймайтыны анық. Асық ойындары – қимыл-қозғалысқа құрылған ойындар. Асық ойындарының әліпшесі саналатын «Төрт асық» ойыны балалардың жас кезінде, енді-енді қимыл-қозғалысы көбейіп келе жатқанда ойналады. Әсіресе ыстық кезде бала аздау қимылдасын деген ниетте дүниеге келген ойын. Бір жағы баланың танымдық қабілетін арттырады.

«Төрт асық» деген ойынды балаларға жас кезінде үйретеді. Төрт-бес жасар балалардың ойнауына жақсы. Ойын мақсаты белгілі: бала бір асықта төрт түрлі пішім бар екенін және әр пішімнің әр қыры бар екенін зердесіне тез түйеді.

**Қорыта айтқанда, асық ойыны:**

- Ептілікке баулиды;
- Мергендікке баулиды;
- Тапқырлығы дамиды;
- Санау қабілеті артады;

- Шапшандыққа, еркіндікке үйренеді;
- Жылдам ойланады;
- Жылдамдыққа үйренеді;
- Бейімді қарым-қатынас жасауға үйретеді.



**Перспективалық жоспар**  
(ересек топ)  
аптасына 1 сағат, барлығы 36 сағат

№	Тақырыбы	Мақсаты	Ойынның шарты	Сабақ саны
1	Асықпен танысу	«Қазандыққа сал»	Ойын шарты: Үстел үстіндегі тұрған қазандықтың ішіне асықты сұқ саусақпен шертіп салу. Асықпен таныстыру, шығу тарихын атау, Асықтармен еркін ойын ойнау.	1
2	Асық атаулары	«Қол футболы»	Ойын шарты: Екі ойыншы екі түске карама-қарсы отырады. Асықтарды резинка арқылы ортадағы шеңберге дәлдеп тұрып атады. Шеңберге өткен асықтың иесі асықтарын санап отырады. Қай ойыншының асығы көп болса сол ойыншы жеңіске жетеді. Асықпен таныстыру, шығу тарихын атау, Асықтармен еркін ойын ойнау. «Асық ату»	1
3	«Атқапыл» ойыны	Ойынарқылы балаларды шымырлыққа, дене күшін жетілдіруге үйрету.	Мұны кей жерде «Көтеріспек» деп атайды. Бұл ойынға екі бала қатысады. Біреуі сақасын иіріп, екіншісі сол сақаны иірген баланы өз сақасы жатқан жерге дейін көтеріп апарды. Осылайша, екі бала бірінің сақасын бірі атып, бір-бірін кезек-кезек көтерісіп ойнай береді.	2
4	«Қақпақыл» ойыны	Баланың машықтану, әдісқойлық пен ептілігін арттыру.	Бес асықпен, кейде бес жұмыр таспен де ойнайды. Қақпақыл ойнаушыларының әрқайсысы бес асықтан алып, салмақтылау асықты «Құспек» етіп ортаға қояды. Бұдан кейін әр бала қолындағы асығын жоғары қағып жіберіп, оны алақанының сыртымен қағып алады. Кім көп ұстаса, қалған ойнаушылардың бәрі соған асықтарын береді. Ол барлық асықты қос уыстап жоғары көтере тастап, алақанының сыртымен қағып алады. Ұстаған асықтарының санына сәйкес жердегі асықтарды алу үшін «құспекті» биікке лақтырып, қайта түскенше жердегі асықтарды белгілі мөлшерде алып, «құспекті» жерге түсірмей қағып алу керек.	2
5	«Қол футболы»	Баланың машықтану, әдісқойлық пен ептілігін арттыру.	Ойын шарты: Екі ойыншы карама-қарсы отырады. Ортадағы асықтарды таяқшамен өзінің қақпасына қарай жинайды. Қай ойыншы асықты көп жинайды сол ойыншы жеңіске жетеді.	1
6	«Шық етерде» ойыны	Балаларды мергендікке, дәлдікке баулу.	Көп бала ойнаса өте қызықты болады. Түзу сызыққа қатар тігілген асықтарды алыстан (бес-алты адам) кезектесіп атады.	2
7	«Өріс» ойыны	Баланың жастайынан жүйке жүйесін шыңдау,	Түзу бойына алшы, тәйке кезектесіп тізіледі. Өріске ұзап барып атады. Кімнің бірінші ататындығын анықтау үшін сақаларын қосып, бір	2

		оларды дәлдікке, ұстамдылыққа, байсалдылыққа тәрбиелеу.	ойыншы басынан асыра жерге тастайды. Алшы түскен сақа иесі бірінші, тәйке екінші, бүк үшінші, шік төртінші болып атады. Сақа асықтарды құлатып, сақа бүк түссе, шік жатқан асықтарды ұтады. Ал сақа асықтарға тиіп, шік түссе, бүк түсіп жатқан асықтарды ұтады. Бұзылған асықтарды түзу бойына қайтадан тізіп қояды. Келесі кезектегі ойыншы сақасымен тізілген асықтарды көздеп атады. Атқанда сақа асықтарға тиіп, өзі омпта түссе, онда өрістен атылған сақалар домалап түскен жерінде жатуға тиіс. Келісім бойынша үш рет қайталауға болады. Кімнің сақасы төрге озып кетсе, сол бірінші болып кері атады. Ойыншылар тигізе алмаса, алғашқы ойыншы қалған асықты сақамен қосып, басынан асыра жерге тастайды. Ұтқан асықтарын жинап отырады. Шебер ойыншы қарсыласының асығын түгел ұтып алады.	
--	--	---	--	--

8	«Асықты тігіп» ойыны	Асық ойнату арқылы балаларды мергендікке, ептілікке, жеңіске деген құштарлыққа, намысқойлыққа, дәлдікке баулу.	Бір топ бала, жастар жиылып келіп, тегіс жерді таңдап алады да, оны тазартып, ортадан төрт бұрышты сызық сызады. Сол төрт бұрышты сызықтың ортасынан тең етіп екіге бөледі. Әр жағының қашықтығы баланың жас мөлшеріне қарай белгіленеді. Сонда 1-1,20 сантиметрден 1,5 метрге дейін болады. Мұны «көн» деп атайды. Сонда ойыншылардың өзара келісімі бойынша көннен 4-5 м не одан да көп мөлшерден асық ататын орын белгіленеді. Ойыншылар осы жерден тұрып көндегі асықты ататын болады. Ойынды кім бірінші болып бастайтынын сақа иіру арқылы анықтайды. Сақасы алшы түскен ойыншы бірінші болып ату кезегін алады. Ойыншы асыққа дәл тигізіп, оны көнбе сызығынан шығарса оны алады да, сақасы түскен жерден қайта атады. Сөйтіп көннен шығарғандарын ала береді. Егер оның сақасы көндегі асыққа тимей кетсе, асықты келесі ойыншы атады. Ал тігілген асықтарды бұзып, бірақ көннен шығара алмаса, қалған ойыншылар асықтарды сол жатқан қалпында атып, көннен шығарып алуға тиіс. Ойын көндегі асықтар біткенше ойнала береді. Көндегі асық біткен соң, ойынға қатысушылар бір-бірден көнге қайта асық тігіп, ойын қайта басталып, жалғаса береді.	2
---	----------------------	--	--	---



9	«Бес табан» ойыны	Ұлттық ойын арқылы балаларды белсенділікке, тапқырлыққа, мергендікке және күштіліктерби елеу.	Ойыншылар тегіс жерді таңдайды. Ортасына түзу сызық сызады. Оған жағалай асық тізеді. Ойынды бастаушы асық тізілген жерден бес табанға тең аралықты белгілеп алып, шеңбер тартады. Ойыншылар шеңберге кірмей (баспай) ортадағы асықты атады. Сақа тиген асық міндетті түрде шеңберден шығу керек. Кім көп асықты атып шеңберден атып шығарса сол ұтады.	2
10	«Асық ату» (Хан ату) ойыны	Балалардың денсаулығын, ой-өрісін, нкемділігін, шапшаңдылығын, ұлттық ойынға қызығушылығын дамыту.	Ойынға бірнеше адам қатысады. Әрбір ойыншы кезекпен қолдағы асықтарды сырмақ үстіне шашады. Арнайы белгілеген асықпен (сақамен) қалған асықтарды шертіп атады. Басты шарты ұқсас асықтарды ғана ату. Басқа асықтарға тигізбей атып алынған асық ұпай ретінде олжаланады. Ойын осылай жалғаса береді.	2
11	«Өз үйінді тап»	Балаларды асық ойыны арқылы ептілікке, шапшаңдылыққа баулу	Ойын шарты: Ойынға 4 немесе одан да көп ойыншы қатыса алады. Ойыншылар тақтайшаның 4 жағына орналасып, қызыл, сары, жасыл, көк түсті асықтарды таңдап алады. Асықтарын ортаға лақтырады. Асығы алшы түскен ойыншы ойынды бірінші болып бастайды. Содан соң сандар жазылған текшені ортаға лақтырады. 4 саны түссе асығын 4 тор бойынша ілгері жылжытып отырады. Асығын үйіне бірінші жеткізген ойыншы жеңіске жетеді.	1
12	«Асық-қаршу» (бестас) ойыны	Балаларды асық ойыны арқылы ептілікке, шапшаңдылыққа баулу.	Екі және оданда көп бала ойнайды. Қаршуғаықшамасықтарандалынып алынады. Ойыншылар асықтарын иіріп кімнің асығы алшы түссе, сол ойынды бастайды. Бес асықты жерге тастап, бірін жоғары лақтырып, жердегі асықтың бірін іліп алып, жоғарыдағы асықты қағып үлгіреді. Осылай бір-бірден, одан кейін екі-екіден соңында жердегі төрт асықты бірдей сыпырып алу керек.	2
13	«Үштабан» ойыны	Балалардың асық ойынына деген қызығушылығын арттыру.	«Үштабан» ойынын бір жолда бірнеше бала ойнай береді. Онда ойыншылар қолдарына бір-бір сақа алып, әр ойынға бірден, тіпті бірнешеден асық тігіп қояды да, мөлшерліжерге барып, бір көлденен	2



		Денісау, білімді ұрпақ тәрбиелеу.	сызық сызып, соларада сақаларын сайыстырып, сақаларының алшы тұру ретіне қарай әрқайсысы ойын кезегін алып, сызған сызықты баса тізілген асықтарды атады да, атқан асығын ұштабаннан асырса, ала береді. Ал, ұштабаннан асыра алмаса, ойын кезегі өзінен кейінгі серіктеріне беріледі. Ойын тәртібінде асық атушының атқан асығы ұштабаннан асқан-аспағандығын асық атушы емес, қайта оның серіктері анықтайды.	
14	«Омпа» ойыны	Ұмытылып бара жатқан ойынды қайта жаңғырту, ойын туралы түсінік беріп, қызығушылықтарын ояту.	Асық ойынының бір түрін «Омпа» деп атайды. Оны таза ауада, алаңда не үлкен бөлмелерде ойнауға болады. Ойыншылар арасы 20 қадам екі көн сызады да, біріншісіне төрт бұрыш жасайды(оның көлемі өзара келісіледі). Дәл ортасындағы сызыққа әрбір ойыншы өздерінің асықтарын тігеді. Тігілген асықтардың ортасына бір асық мұртынан «Омпа» тұрғызады. Ойыншылар екінші белгіленген жерден бірінің артына бірі тұрып, әркімнің өз кезектері бойынша қолдарындағы сақаларымен «Омпаны» ата бастайды. Егер кімде-кім «Омпаға» тигізсе	2
			және оны төрт бұрыштың шетіне шығарса, онда көндегі асықты түгел алады. Ал «Омпаға» тимей, жанындағы асықтарға тисе және оны төрт бұрыштың шетіне шығара алса, онда сол атқан асығын ғана алады. Асық таусылған сайын көнге асық қайтадан тігіліп отырады. Ойын жалғаса береді.	
15	«Арқаласпақ» ойыны	Асық ойыны туралы түсініктерін кеңейту.	Олар иіру арқылы кезек алысып, бірінің сақасын бірі атады. Егер сақа тисе, әлгі баланы сол араға дейін арқалап апару керек. Ойын әрі қарай жалғаса береді.	2
16	«Бәйге» (ат жарыс) ойыны	Ойын ережесіне сай ойнату. Бүлдіршіндердің ой-өрісін, ептілік, мергендік, шапшандық қасиеттерін	Ойынға 4–5 бала қатысып, олар үстелге жағалап тұрысады. Әрқайсысы ойын ережесіне сай боялып, дайындалған асықтардан біреуден тандап алады. Төрт ойыншыға берілген асық төрт түрлі түсте болуы керек: қара, ақ, көк және сары түсті. Одан соң үстел үстіне 80-90 асықты шеңберге ұқсатып айналдыра тігіп, шабыс	2

		дамыту.	алаңын жасайды. Тек бәйге асықтарының старт алатын және мәреге жететін жерін, яғни түйісу орнын ғана ашық қалдырады. Ойыншылардың біреуі төрт «атты» (асықты) жинап алып, ортаға иіреді. Кімнің асығы алшы түссе, сол ойынды бастайды. Кезек ойын ережесіне сай сағат бағытымен айналып, келесі ойыншыға жалғасады. Әрбір ойыншы үстелдегі тізбектелген асықтың жанына төрт	
--	--	---------	---	--

			жүйрікті қатарластырып қояды. Одан соң кезегімен асықтарды жинап алып шеңбердің ортасына иіреді. Қай ойыншының асығы алшы түссе, сол асығын бір асыққа ілгерілетіп жүргізіп отырады. Егер иіргенде қатарынан екі рет алшы түссе, екі асыққа секіреді. Әрі асығы алшы түскен сайын келесі иіру кезегі де оған тиесілі болады. Бұл жерде ескеретін жайт, екі ат шеңбер ішімен, екеуі сыртымен жүріп отыруы керек. Кім алшыны көп түсіріп, барлық асықты айналып шығып, мәреге бірінші жетсе, сол жеңеді. Шеңберді екінші болып айналған асық екінші орын, үшінші болып аяқтағаны үшінші орынға шықты деп есептеледі. Ал жеңілген төртінші ойыншы ән айтып, би билеп, өз өнерін көрсетеді.	
17	«Құмар түсті» ойыны	Ұмытылып бара жатқан бұл ойын түрін қайта жаңғыртып, насихаттау.	Ең алдымен барлық асық ойынына тән ұтыстың негізгі шарты болып табылатын төрт асықтың иіріліп, жерге түскеннен кейінгі құмар деп аталатын ұпай әкелетін «жатысы» жөнінде. Егер иірілген төрт асық қатарынан кілең алшы немесе кілеңтәйке, немесе кілең бүк, немесе шік түссе, оны құмар түсті деп атайды. Алайда төрт асығы алшы түсіп, құмар түсті жасаған ойыншы ғана бірден төрт ұпайға ие болады. Басқа «құмар түскенде» екі ұпайды ғана	2

			иеленеді. Бірақ төрт асықта талапайға түседі. Асыққа ие болған ойыншылар ойынға қайтадан кіріседі, алайда бұрын әбжіл қимылдаған ойыншы төрт асықты бірдей иемденіп кетсе, қалған ойыншылар	
--	--	--	---	--



			өз асықтарын көнге қайтадан тігуге мәжбүр болады. Ал төрт асық әлгі бұрын қимылдаған ойыншының меншігі болып саналады.	
18	«Ханталапай» ойыны	Балалардың жылдамдығын арттыру, жүйке жүйесін шыңдау, тілін дамытып, ойда сақтау қабілеттерін жетілдіру.	Асықпен ойналатын ойынның тағы бір түрі – «Ханталапай». Балалар бұл ойынды үлкендердің басшылығымен ойнайды. Ойынға қатысушы балалардың санына шек қойылмайды. Олар ойын жүргізушісінің айналасына жарты шеңбер құрып отырысады. Ойын жүргізушісі қолындағы асықты «ханталапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі.	2
19	«Алшы» ойыны	Баланы дәлдікке, талаптану мен сабырлыққа тәрбиелеу. Баланың иығын, аяғын, барлық бұлшық еттерін қимылдату.	«Алшы» ойынын ойнаушыларға шек қойылмайды. Ойын басталар алдында ойын жүргізушісі барлығының сақаларын жинап алып, ойында әркімнің кезегін белгілеу үшін, яғни кімнен кейін кім асық ату керектігін анықтау үшін сақаларды иіреді. Иірген кезде кімнің сақасы алшы	2

			түссе, бірінші, шік түссе, одан кейін асық ататын болады. Атқан кезде сақасы мен асығы бір жақты түссе, атқан асығын алып, әрі қарай ата береді. Енді бірде асық атқан кезде сақасы алшы түсіп, асық кез келген жағында жатса да асықты алады, тағы атады, ал сақа мен асық екеуі екі түрлі түссе, онда алмайды. Ол атуды тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға береді. Екінші ойыншы өз кезегінде сақасын иірген кезде тәйке түссе, онда өзінен киін кезекте тұрған ойыншы көмбеде тұрып оның тәйке түскен сақасын атады, тигізе, сақа иесі ойыннан шығып қалады, тигізе алмаса, өзі ойыннан шығады. Кезек алу үшін сақаларын иірген кезде бүк, шік түскен ойыншылар өз кезектерінен көнге тігілген асықты ата береді. Осы ретпен көндегі асықты атып тауысқанға дейін ойнайды да, асықтарын қайта тігіп, ойынды жалғастыра береді.	
20	«Тас қала» ойыны	Баланы топпен жұмыс істеуге	Асық ойынының ендігі бір түрі «Тас қала» деп аталады. Ойынға қатысушыларға шек	2



		<p>үйрету, екінші жағынан топтан оза шығу қабілетін арттыру. Баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптануға тәрбиелеу.</p>	<p>қойылмайды. Олар тегіс жерді таңдап алып шеңбер сызады да, дәл ортасына асықтарды бірінің үстінен бірін пирамида етіп жияды. Содан соң асық тігілген жерден ойынға қатысушылардың жас ерекшелігіне орай көн белгіленеді. Оның қашықтығы жеті-сегіз метрден кем болмайды. Ойынды бірінші болып бастайтын ойыншыны анықтау үшін сақаларын иіреді. Кімнің сақасы бұрын алшы түссе, ойынды сол бастап, қалғандары да осы тәртіппен өз кезектерін алады. Алшы – бірінші, тәйке - екінші, бүге – үшінші, шіге - төртінші. Егер ойыншының асығы омпта түссе, онда ол алшыдан жоғары болып есептеледі де, бірінші орынды сол алады. Егер де екі не үш адамның асығы бірдей не алшы, не бүк, не шік, не тәйке түссе, онда сақалар қайта иіріледі. Атушы «Тасқалаға» сақасын дәл тигізіп, бір асықты шеңберден шығарса, ойынды жалғастырып, сақасы түскен жерден қайта атады. Шеңберден атып шығарған асықтарын ала береді. Егер бірінші атушы тигізе алмаса, онда екінші ойыншы атады. Егер атқан ойыншы «Тас қаланы» бұзып, бірақ асықты шеңберден шығара алмаса, онда айыбын қосып, «Тас қаланы» қайта тұрғызады. Егер атушы «Тас қаланы» бұзып, бір асықты шеңберден шығарса, онда қалған асықтарды шеңберден шығарғанға дейін ата береді. Қалған ойыншылар бұзылған «Тас қаланың» бытырап</p>	
			<p>жатқан қалдықтарын атып алады. Көнде жатқан асықтар түгелдей біткен соң ойын қайта басталады.</p>	
	<p><b>Барлығы:</b></p>			<p>36</p>

## ҚОРЫТЫНДЫ

Әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшеліктеріне сәйкес ғасырлар бойы жинақтап, ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келе жатқан дәстүрлерінің бірі – асық ойыны. Асық ойыны біздің халқымыздың тұрмыс-тіршілігінен, өмір сүру салтынан алынған. Асық ойынын ойнату арқылы біз балаларға өзіміздің салт-дәстүрімізді насихаттап қоймай, олардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беруіне септігімізді тигіземіз. Ойын – баланың ең басты еңбегі. Ойын ойнау арқылы балада ертеңгі өміріне қажетті еңбек сүйгіштік, батылдық, алғырлық, ептілік, Отан сүйгіштік қасиеттері қалыптасады. Біздің халқымыздың тұрмыс-тіршілігінің көбісі төрт түлікпен байланысты болған. «Ат жарыс», «Бес тас», «Ханталапай», «Өріс», «Бәйге», «Тас қала» сияқты т.б. ұлттық ойындар бар. Осы ойындар мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтап ойынның түп нұсқасын бұзбай үйретуге көп көңіл бөлемін. Тек қана мереке, ертеңгілік, ашық оқу қызметінде ғана ойнатылмай, күнделікті оқу қызметінде, жеке жұмыстарда ойнауларына мүмкіндік жасаймын. Қазіргі таңда рухани жаңғыру деп көп айтамыз, бірақ аса мән бермейміз.

Ұлттық салт-дәстүрімізді балалардың бойына сіңіре отырып, соның бір тармағы ұмытылып бара жатқан асық ойынын балаларға үйрете отырып, кешегі ата-бабаларымыздың өткен өмірлерінен, тұрмыс-тіршілігінен хабардар болады. Болашаққа көз тастау еліміздің тарихын терең танудан басталады. Халықтың өткен өмірі дегеніміз әрбір жаңа ұрпаққа үніліп, одан рухани күш пен ғасырлардың ақыл ойын қалқып алып отыратын айнабұлақ. Осы айнабұлағымызға кір түсірмей, кіршіксіз күйінде болашақ ұрпаққа аманаттау жолында еңбек етемін. Осы бағытта мен «Арай» балалар шағын орталығында жұмыс атқардым. Қызмет атқарған жылдар ішінде балалардың асық ойынына деген қызығушылықтарын, бар жан-тәндерін сала ойнайтындарын байқадым. Ұлттық ойынымыздың қажетті құралы асық болғандықтан табиғи таза, балалардың денсаулығына еш зиянын тигізбейді. Сондада олардың қауіпсіздік ережелерін сақтап ойнауларын көп көңіл аударамын.

Асық ойыны баланың бойында жақсы сақталуы үшін олардың құралдарының жеткілікті болуына, эстетикалық жағынан жоғары болуына көңіл бөлемін. Бұл бір жағынан баланың дене бітімінің мінсіз болып өсуіне әсер етеді. Асық ойынын балалармен ойната отырып, олардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіріп жатқанына кішкенеде болса септігімді тигізгеніме қуанамын. Асық ойындарымыз ғасырдан ғасырға мұра болып, қаймағы бұзылмай жетсе екен деп тілеймін. Өйткені асық ойыны тек қана ойын емес, біздің денсаулығымыздың мықты болуына әсер беретініне сенімдімін. Ал адамзат үшін денсаулықтан асқан байлық жоқ.

Асықтың түрлерімен танысып, ініру, асықты ату алғашқы дағдыларын үйренді. Кейбір іс-әрекеттерді ересектердің көрсетуімен орындай алды. Қауіпті жағдайда сақтану керек екенін түсінді, асық ойнауға қызығушылық танытты. Жыл соңында «Мектеп жасына дейінгі балаларды асық ойынына үйрету арқылы танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбы бойынша бағдарламалық материалдарды жетік меңгерді.



Балалар ересектермен, құрдастарымен ойнаған кезде қызығушылық танытады. Асық ойнау біріншіден денені шынықтырды, екіншіден адамға барлық дене құрылысының дұрыс дамуына мүмкіндік береді. Асық ойнаған бала топпен жұмыс істеуді үйренеді және топтан озып шығу қабілетіне ие бола алады. Сондай-ақ баланы бәсекелестікке жетелеп, талаптылыққа, достық қарым-қатынасқа тәрбиелейді.

Баланың асық ойынын ойнау барысында:

- Тарихын, жүріс тәсілдерін меңгереді;
- Ойлау қабілетін арттырады;
- Ойынды ойнау барысында жаңа әдістерін қарастырады;
- Өз ойындарына талдау жасай алады;
- Ойын ережесін сақтай білуге үйренеді.

Спорттық шараларды өткізу кезінде өз өздерін көрсете білді. Өз денсаулығына саналы көзқарасын білдірді, денсаулық адамға берген басты құндылығы екенін түсінді.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Қазақ халқының салт дәстүрлері» авторы: С.Қалиев, М. Оразаев Алматы 1994
2. «Қырық қазына» авторы Ә. Доспанбетов Алматы 1997
3. Н. Жүсіп Туганхамонның асығы // Егемен Қазақстан.
4. Қазақтың Ұлттық энциклопедиясы 1 томы.
5. Massaget.kz сайты.
6. Балаларойындары «Аруна» баспасы Г. Әбілова.
7. Қазақ халқының энциклопедиясы 2003ж
8. Қазақтың ұлттық ойындары Тайжанов С ,Қасымбекова С Алматы 2004ж
9. Қазақтың ұлттық ойындары Алматы 2005ж
10. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл, Атабаев А.С
11. «Қазақ ойындары» балаларға арналған. Алматы.2007ж. Молдағаринов А.